

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қазандағы N 1577 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 8 мамырдағы N 675 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 992 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.09.30 № 992 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қ АУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 21 қазандағы N 1577 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., N 43, 510-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға қосымшада:

Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломын беру жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Әбдіқалықова - Қазақстан Республикасының Еңбек және
Гүлшара Наушақызы халықты әлеуметтік қорғау министрі,
төрағаның орынбасары

Сарбасов - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты
Ақмәди Әділұлы әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек және
әлеуметтік әріптестік департаментінің
директоры, хатшы;

м ы н а :

"Құл-Мұхаммед - Қазақстан Республикасының Мәдениет және
Мұхтар Абрарұлы ақпарат министрі, төрағаның орынбасары"
деген жолдағы ", төрағаның орынбасары" деген сөздер алып тасталсын;
көрсетілген құрамнан Кәрібжанова Роза Сәмидоллақызы, Сапарбаев Бердібек
М а ш б е к ұ л ы ш ы ғ а р ы л с ы н ;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Мәдени және гуманитарлық салалардағы қайырымдылық және демеушілік қызметі үшін Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет дипломымен марапаттауға байланысты мәселелерді қарау ж ө н і н д е г і е р е ж е д е :

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Мәдени және гуманитарлық салалардағы үлесі неғұрлым басым болып табылатын ізденушілерге артықшылық беріледі.";

6, 8-тармақтарда "Мәдениет және ақпарат" деген сөздер "Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
премьер-Министрі *К. Мәсімов*